


Қор нарықтары...

| Қор индекстері | Мәні, теңге | Күндік өзгерістер | Жыл басынан өзг. |
|-----------------------------|-------------|-------------------|------------------|
| АҚШ | | | |
| S&P 500 | 6 605 | ▼ -0,50% | ▲ 12,5% |
| NASDAQ | 22 385 | ▼ -0,50% | ▲ 16,1% |
| DJIA | 45 947 | ▼ -0,38% | ▲ 8,4% |
| CBOE Volatility Index (VIX) | 17 | ▲ 3,46% | ▼ -6,6% |
| Еуропа | | | |
| FTSE 100 | 9 214 | ▼ -0,39% | ▲ 11,5% |
| DAX | 1 993 | ▼ -0,63% | ▲ 16,9% |
| Азия | | | |
| Hang Seng | 26 485 | ▼ -0,13% | ▲ 35,0% |
| Nikkei 225 | 45 625 | ▼ -0,01% | ▲ 14,4% |
| Shanghai SE | 3 853 | ▼ -0,01% | ▲ 18,1% |
| Қазақстан | | | |
| KASE | 7 152 | ▲ 0,30% | ▲ 25,9% |

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарықтары сауда-саттықты төмендеумен аяқтады: S&P 500 0,50%-ға құлдырап, \$6 604,72 деңгейіне түсті; Nasdaq Composite 0,50%-ға төмендеп, \$22 384,70 деңгейіне жетті; DJI 0,38%-ға арзандап, \$45 947,32 құрады. S&P 500 индексінің 11 сектордың 10-ы сауданы төмендеумен жапты. Негізгі аутсайдерлер қатарында Health Care (-1,8%), Materials (-1,6%) және Consumer Staples (-1,5%) болды. Жалғыз өсім көрсеткен сектор — Energy (+0,7%).

| S&P 500 секторларын талдау | Market Cap | Күндік өзгеріс | Айлық өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|----------------------------|--------------------|----------------|---------------|----------------|
| Communication Services | 9 711 134 216 245 | ▲ 0,2% | ▲ 4,5% | ▲ 31,6% |
| Consumer Discretionary | 6 412 984 126 840 | ▼ -0,2% | ▼ -3,1% | ▲ 10,7% |
| Consumer Staples | 3 240 030 950 685 | ▼ -0,5% | ▼ -4,5% | ▼ -11,0% |
| Energy | 1 739 333 055 031 | ▲ 0,7% | ▲ 2,8% | ▲ 7,7% |
| Financials | 8 356 800 374 714 | ▼ -0,4% | ▼ -1,3% | ▲ 21,8% |
| Industrials | 4 672 225 672 332 | ▼ -0,7% | ▼ -2,1% | ▲ 10,3% |
| Information Technology | 19 993 568 633 906 | ▼ -0,7% | ▲ 4,3% | ▲ 28,7% |
| Materials | 995 515 403 738 | ▼ -0,6% | ▼ -5,3% | ▼ -9,3% |
| Real Estate | 1 067 511 195 487 | ▼ -0,5% | ▼ -1,6% | ▼ -8,4% |
| Utilities | 1 318 930 556 420 | ▲ 1,0% | ▲ 1,0% | ▲ 9,8% |
| Health Care | 5 005 228 946 274 | ▼ -1,8% | ▼ -2,2% | ▼ -9,4% |

Америкалық қор индекстері бейсенбіде жаңа макроэкономикалық деректер жарияланғаннан кейін инвесторлардың сақтығын көрсетіп, сауданы төмендеумен аяқтады. Статистика ФРС-тің мөлшерлемелерді жылдам қарқынмен төмендетуді жалғастыру мүмкіндігіне қатысты күмәнді күшейтті. S&P 500-дің басым бөлігі «қызыл аймақта» сауданы жапты.

Медициналық технологиялар секторы айтарлықтай қысымға ұшырады, себебі АҚШ Сауда министрлігі медициналық жабдық импортын тергеуді бастады. Бұл қадам жанандық жеткізу тізбектеріндегі іріліктер мен нарықтағы артық ұсыныс қаупіне байланысты алаңдаушылық туғызды.

Ең көп зардап шеккендер қатарында GE HealthCare, Becton Dickinson, Stryker, Insulet, Intuitive Surgical және ResMed болды — олардың акциялары 4%-дан 11%-ға дейін арзандады. Abbott қағаздары 1,6%-ға, ал Medtronic 2,3%-ға төмендеді. Нәтижесінде S&P Health Care Equipment индексі күн ішінде 2%-ға құлдырады. Жыл басынан бері сектор шығындардың инфляциялық өсуі, жеткізілімдегі проблемалар және шетелдік нарықтардағы сұраныстың әлсіреуі салдарынан қысымға қалып отыр.

Бұл уақытта АҚШ экономикасы бойынша жаңа деректер әртүрлі белгі берді. Жұмыссыздық бойынша алғашқы жәрдемақыға өтімдер саны 218 мыңға дейін азайды, бұл еңбек нарығының тұрақтылығын көрсетеді. Екінші тоқсанда ЖІӨ жылдық есептеуде 3,8%-ға өсті — бұл 2023 жылдан бергі ең жоғары қарқын. Өсімнің басты драйверлері — тұтынушылық шығындардың тұрақтылығы мен бизнес инвестицияларының артуы болды.

Мұндай динамика ФРС-тің алдағы қадамдарына қатысты пікірталасты күшейтті: экономиканың мықты іргелі көрсеткіштері саясатты агрессивті жұмсарту ықтималдығын төмендетеді. Чикаго ФРБ президенті Остен Гүлсби атап өткендей, мөлшерлемелерді тым жылдам төмендету инфляциялық тәуекелдерді арттыруы мүмкін.


Алдағы күндердегі басты оқиға — Personal Consumption Expenditures (PCE) индексінің жариялануы. Бұл ФРС жіті бақылайтын инфляция индикаторы инвесторлардың кутулеріне бағыт беріп, аптаның соңында нарық динамикасына шешуші фактор бола алады.

| KASE акциялары | Мәні, теңге | Күндік өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|------------------|-------------|----------------|----------------|
| Халық Банк | 358 | 0% | 30,7% |
| Банк ЦентрКредит | 5 307 | 3% | 131,5% |
| Kcell | 3 326 | 0% | -1,6% |
| Казатомпром | 27 298 | -1% | 33,5% |
| КазТрансОйл | 850 | 1% | 3,3% |
| KEGOK | 1 460 | 0% | -4,0% |
| Kaspi.kz | 47 722 | 0% | -13,0% |
| КазМунайГаз | 21 652 | -1% | 48,0% |
| Эйр Астана | 807 | 1% | -29,4% |

| Валюта | Мәні, теңге | Күндік өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|---------|-------------|----------------|----------------|
| USD/KZT | 541,96 | -0,02% | 3,3% |
| RUB/KZT | 6,40 | 0,00% | 31,5% |
| CNY/RUB | 11,49 | -0,16% | -17,9% |
| EUR/USD | 1,1665 | -0,61% | 13,6% |

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.